

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ, ҚЫЗМЕТІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Қазіргі заманғы ғалымдардың пікірінше, үкіметтік емес сектор азаматтардың өзара ұйымдасуының нәтижесі болып табылады. Үшінші сектордың негізі болып үкіметтік емес ұйымдардың бірлестігі, сонымен қатар мемлекеттік, саяси және экономикалық секторлардың әлеуметтік серіктестері жатады. Ғалымдардың көзқарасы тұрғысынан келер болсақ, үкіметтік емес немесе коммерциялық емес ұйымдар өзінің қызметімен азаматтық қоғамның кейпін өзгертіп қана қоймай, саяси партияларға қарағанда билікпен диалог құрудың әсерлі арнасына айналды.

Тұрғындардың әлеуметтік белсенділік диапазонын кеңейте отырып, ҰЕҰ сайлаудың билікке дәстүрлі әдіс әсерінің кемшілігін көрсетті және өздері осы кемшілікті еңсерді. Дәл осы Үшінші сектордың шегінде мүдде артикуляциясы, топтық мүддені қорғаудың нақты қызметі жүзеге асуда. Сонымен қатар, “үкіметтік емес ұйымдар қоғамның демократиялық күшқуатын қарқындатуға мүмкіндік береді, ал осында жасалынған делдалдық үлгі саяси мүддеде де әсерлі болуы мүмкін” /1/.

Қазіргі кезде үкіметтік емес ұйымдарға қатысты терминологияны бір ізге салу – өзекті проблемалардың бірі болып қала береді. Әлемдік құқықтық және саяси лексикада ҰЕҰ, ең алдымен, анықталмаған институттар айналасында қорытудың дәстүрлі формасы ретінде ұсынылады. Аталған категорияның анықтамасы осы саланы реттеуге қатысы бар ұлттық заң шығару және халықаралық келісімнің еншісіне тиісті. Бірақ қазіргі жұмыс өз алдына құқықтық триоизмдерді талдауды мақсат етпейді. Үкіметтік емес сектордың ұлттық проблематикасы тиісті бөлімде баяндалады. Саяси зерттеу тәжірибесіне өтпей тұрып, ең алдымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының баяндауына көңіл бөлуді ұсынады.

БҰҰ-ның экономикалық-әлеуметтік Кеңесі ресми құжаттарда бұл түсінікке анықтама бермейді. Тек 1996-31 (1996 ж.) Резолюцияның 12 бөлімінде былайша түсінік береді: “ҰЕҰ мемлекеттік мекеме болып табылмайды. Өкілдік құрылымға және мүшелері алдында есеп беру механизміне ие. Ал оның мүшелері саясатқа әсерін тигізеді. Ұйым өзінің алдына пайда табуды көздемейтін коммерциялық емес болуы тиіс”

1992 жылы БҰҰ-ның Рио-де-Жанейродағы Халықаралық конференциясында қабылданған күн тәртібінде Үшінші сектор ұйымдарына маңызды орын бөлінді. 27-ші бөлімде былай берілген: “ҰЕҰ демократиялық құрылымды құрастыру және енгізуде ерекше рөл ойнайды. Олардың



беделі қоғамдағы жауапты және құрылымды рөл ойнауымен түсіндіріледі. Үкіметтік емес ұйымдар мойындалған және әр түрлі тәжірибе, арнайы білім және күш-қуатқа ие. Осылардың негізінде әлеуметтік қалыптасқан тұрақты дамуда ерекше маңызға ие болады”.

Бір ескертерлік жайт, біз алдағы талдауда үкіметтік емес ұйымдарға қатысты БҰҰ-ның классификациясына жүгінеміз. Онда ҮЕҰ-ға кәсіподақтар, діни ағымдар, спорттық бірлестіктер, ғылыми ассоциациялар, сонымен бірге партиялар және қоғамдық-саяси қозғалыстар кірмейтіндігін баяндаймыз.

ҮЕҰ-ның партиялық емес қасиетін ХХ ғасырдың ортасында американдық Д. Трумен [Truman] атап көрсетті. Әлеуметтік өрісте сенімді рөл атқарған бұл құбылысты саясаткерлер классификациялауға тырысты. Олар осындай ұйымдардың өсуін қоғамдық процесстердің қиындауымен байланыстырды, ал ҮЕҰ-ның өзі – стратегиямен өзіндік реттеу және қоғамның тұрақтылығы болып саналады.

Р. Ларкин [Larkin] және Д. Фосс [Foss] оларды дамушы топтық құбылыс ретінде анықтады. Аталған құбылыс қоғам және билік құрылымында әлеуметтік өзгерістерге жетуді мақсат етуді тұспалдады /2/, яғни саяси әдістерді қолданды. Егер партиялар қоғамдық мүдделерді білдіруді көздесе және ұлттық аспектіде стратегиялық дамуды ұстанса, онда ҮЕҰ-дар проблемалық жұмыспен айналысады. Ол стратегиялыққа қарағанда тактикалық іс болады.

Сонымен бірге, партиялар билікті жаулап алу жұмысы немесе оған қатысуды көздесе, ал үкіметтік емес ұйымдар бейресми билік өкілдігін игеруді мақсат етпейді. Тағы бір ерекшелік, партиялар өзінің мүдделерін азаматтардың көпшілігіне ұсынса, ал ҮЕҰ тұрғындардың нақты бір әлеуметтік тобының мүдделерін қорғауды көздейді.

1970-80 жылдардағы елеулі күшке айналған үкіметтік емес ұйымның ерекшелігі оның құнды бағыттарынан, ұйымдық құрылымынан және әрекет түрінен көрінеді. Әлеуметтік проблемаларға бағдар беру және құқықтан немесе мүмкіндіктен қысым көрген адамдарды қорғауда жекеліктің постиндустриалды құндылығын тірек етеді. Сонымен қатар, нарықтық экономика түріне тиісті утилитаризмге қарсы тұруға тырысады. ҮЕҰ-ның құрылымдық композициясы аталған құндылықтармен арақатынасқа түсіп, өзін-өзі басқару, орталықтандыру және байланыстың көлденеңдігін қосып алады. Иерархиялық-бюрократиялық үлгіден саналы түрде бас тарту ұйымға ұтқырлық және икемділік береді.

Ұжымдық әрекеттің түрі сәйкестіктің ішкі көріну әдісін білдіреді және үкіметпен диалогта ресми әдіске (мысалы, қоғамдық комиссияларды құру немесе ұйымдық тыңдаулар мен форумдар ұйымдастыру және т.б.) немесе бейресми әдіске бағдарланады. Осылайша, ҮЕҰ-ның ұйымдық құрылыс секторын “саяси күштің әсері, өзінің сәйкестілігі мен автономиялығын бұзбаған, ресмиленген иерархиялық ұйымға айналмаған” түрінде қисынға келтіруге болады /3/.



Кейбір үкіметтік емес ұйымдарды (антиәскери, құқық қорғаушы, сайлаушылардың бірігуі және т.б.) толығымен саяси категорияларға жатқызғанымен, өзінің қызметі жағынан олар партиялармен және саяси қозғалыстармен қатар тұра алмайды. Соған қарамастан, жәбірленген тұрғындардың әлеуметтік жағдайларын шешу мақсатында құрылған ұйымдарды “аполитикалық” деп атауға болмайды. Ұсынылған топтардың мүдделерін қорғауда ұйымның мемлекетпен, үкіметпен немесе жергілікті органдармен байланысы шығады, демек саяси мәнмәтінді қабылдайды.

Толығымен қазіргі шарттар азаматтардың және саяси-әкімшілік институттардың араласуымен ерекшеленеді. Көптеген ерікті азаматтық қауымдастықтар саяси мағынаға ие болды. Қызметі мемлекет арқылы орындалатын ұйымдар азаматтық қоғам институтына айналды. ҰЕҰ құрылуының өзі оның саяси мақсатын, қоғам өмірін басқаруға қатысудың қандай екендігін көрсетеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, саясиленген ҰЕҰ-ды саяси құрылым деп бағалау дұрыс емес. Бұл жерде “партиялық емес” қасиеті әлдеқайда сай келеді. Егер партиялар мемлекеттік органдардың саладан тыс күнделікті жұмысының көпшілік бөлігін істейтін болса, онда Үшінші сектордың атқаратын міндеті болып “мемлекеттік билік және бюрократияның өзін-өзі шектеу нәтижесінде пайда болатын шығындарды толтыру” /4/ болып табылады. Азаматтық сананың өсуі қоғамды бақылаудың мемлекеттік өрісін тарылтады. Сондай-ақ, билікке ұмтылатын таза саяси әрекеттен айырмашылығы азаматтық қауымдастықтардың мақсаты – “ұлт – мемлекет” жүйесін еңсеру. Бірақ ҰЕҰ өзінің қандай да бір доктринасын бір ізге салуға бейімді емес, “олар әрқашан шынайылықты енгізуді көзdedі және идеология үшін емес, жеке тұлға саясатымен, өзін-өзі анықтаумен күресуді мақұлдады” /5/.

Біз үшін үкіметтік емес ұйымдар және мүдделер тобына ғылыми көзқарастар суайрығын жүргізу аса маңызды. Себебі осы дефинициялар жұмысының қатарында ақталмаған теңдестіру орын алған. Істің мәні мынада, қысым топтары ереже бойынша мүдделердің тікелей іске асуымен айналысады. Ол тура мағынасында “қоғамдық” болып табылмайды. Топтың өзі жариялылықтың, ашықтықтың талаптарына толығымен жауап бере алмайды.

Сонымен бірге, олардың мүдделері – экономикалық. Ол үлкен дәрежеде әлеуметтік қасиетіне қарағанда айрықшаланады. Ірі ойыншылардың ұйымдасқан мүдделері билікпен қабылданған басқа шешімдердің жолына әсер етуіне әкелуі мүмкін. Олар осы орайда қызметтік тұлғаларға тура қысымды қолданады. Осының негізінде олар үшін қоғамдық пікірді қолдауда келісім алу міндетті емес. Осы тәріздес кесте әлеуметтік капитал болып азаматтық қоғамның сондай маңызды элементін түсіреді. Әлеуметтік капитал– “өзара сенім және өзара көмек әлеуеті, тұлғааралық кеңістіктің тиімді құрастырылуы” /6/. Бұл ҰЕҰ-ның әлеуметтік желісі ретінде қоғамдық элементте көрініс табады. Ол өзара тиімділік үшін кооперациялар мен үйлестірушілерге шарт құрастыра алады /7/.



Экономикалыққа қарағанда, әлеуметтік капитал тұтыну жағынан өсіп келеді. Неғұрлым кооперация тәжірибесі қарқынды болса, соғұрлым әсерлі және бірлестік желісінде мықты әрі өзара сенімді болады. Басқа сөзбен айтқанда, қысым тобының көздеген өзіншіл мақсаттарынан айырмашылығы, ҮЕҰ бірлестігі қоғамдық мүддені қорғауды мақсат етеді. Саяси глоссарийде аталған бірігулердің уәжділігінен ерекшеленетін және ҮЕҰ-ға берілген анықтамаға мағынасы жақындайтын, азаматтардың бостандығын кеңейту мақсатын көздейтін “қоғамдық мүдделер тобы” (public interest groups) түсінігі енгізілген болатын.

Зерттеу еңбектерінде үкіметтік емес ұйымның кем дегенде үш негізгі мінездемесін бөліп көрсетеді. Ең бірінші кезекте, бұл – білімнің *еріктілігі* мен қатысымдылығы. Одан кейін ҮЕҰ-ның өзінің артықшылықтарын анықтауда мемлекеттен тәуелсіздігі жатады. Осы жерге құқықтық дербестік жатады, яғни, жұмысты өзге органдардан, ведомстволардан тәуелсіз жүргізу мүмкіндігі.

ҮЕҰ секторының міндетті қасиетіне *коммерциялық емес* қызметі жатады. Бұның мағынасы, олардың құрылуы материалдық пайда шығаруды көздемейді, түсім мен кіріс ұйымға қатысты тұлғалар арасында бөлінбейді. ҮЕҰ-ның кіріс әкелмейтіндігі оның белгілі зияндылығы емес екендігін айта кеткеніміз жөн. Аталған термин кірістің шектеулігін және таратылымдығын ғана көрсетеді. Ол ұйымның дамуына және игілікті, пайдалы мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін.

Үшінші сектордың өзге де құрылымдық сапасынан оның *әлеуметтілігі* бөлінеді, яғни түрлі қоғамдық топтардың мүдделері мен қажеттіліктерінен хабардар болу. *Креативтілігі* өзіндік ұйымға қабілеттілігінен көрінеді. *Дебюрокративтілігі*, ішкі құрылымның түбегейлі демократиялылығы, қатардағы азаматтар үшін ұйым басшылығының ең жоғарғы деңгейдегі қол жетімділігі. Маңызды қасиеті болып ұйымның *азаматтылығы* жатады, жауапкершілік әрекеті, қоғамның басқа да мүшелерінің мүддесін ұғынуға дайындығын мойындау және іске асып жатқан заң негізінде қоғамның және топтың өзара мүдделерін ымыраға келтіруді мақсат етеді. Сонымен бірге, үкіметтік емес ұйымның жұмысы *жариялы* болып, құрылтайшылары, мақсаты мен қызметтері барлығына қол жетімді болу керек.

Қазіргі кезең зерттеулері жүргізілген методологиялық талдау негізінде ҮЕҰ дефинициясына өзіндік анықтама беру керек. Үкіметтік емес ұйым дегенде біз *коммерциялық емес бағытта азаматтардың ерікті бірігуі, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғауы, мемлекетке тәуелсіздігі, саяси претензияларының болмауы және өзінің жұмысын құқықтық тұрғыдан жүргізуін айтамыз.* Соңғы элемент анықтамасы антиүкіметтік қасиетке сай түрлі маргинальдық және экстремистік топтарды бөліп тастауға мүмкіндік береді. Яғни, бұл дегеніміз – Үшінші сектор ұйымымен салыстырғанда диаметральды қарама-қайшы артықшылықтарға ие болған, қоғамдағы тұрақтылықты бұзған әлдекімнің қызметі.



Ескерте кететін жайт, “үкіметтік емес ұйым” термині біреу ғана болып табылмайды. Авторлардың еңбектерінде “ерікті” немесе “коммерциялық емес” ұйымдарға сілтеме көрсетілген. Соңғы уақытта бүкіл әлемдік демократиялық процесстерді күшейтумен байланысты ғылыми глоссарийге “азаматтық қоғам ұйымы” термині енді. Бірақ әлемдік тәжірибеде “үкіметтік емес ұйым” анықтамасы көп таралған болып қала береді. Және біздің көзқарас бойынша, Үшінші сектордың маңызды құқықтық табиғатын және қасиетін дәл осы термин көрсете алады.

Дамыған және дамушы елдердегі үкіметтік емес ұйымның қызметін зерттеген көптеген ғалымдар сектордың шығуының үш негізгі сипатын көрсетеді. Бірінші кезеңге әлеуметтік қызмет өрісіндегі ұйымдар, бұл жерде мемлекет әлсіз болады немесе ынтаға және ҮЕҰ міндетіне жол береді. XX ғасыр басындағы көптеген еуропалық бірігулерді зерттеушілер мысал ретінде ұсынады. Ол бірігулер алғашқыда шіркеудің қамқорлығы негізінде құрылғанымен, соңында өзінің автономияларын күшейтіп алды.

ҮЕҰ-ның *екінші кезеңіне* сол кездегі тәртіпке байланысты бітіспес қайшылықтар тән болды (мысалы, Латын Америкасындағы диктатураларға қарсы қозғалыс). Транзитологтар Үшінші секторды репрессиялық тәртіпке қарсы тұратын байсалды фактор ретінде қарастырады. *Үшінші кезеңіне* топтық немесе қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында біріккен ұйымдар жатады. Олар билікпен саяси диалог жүргізді, мемлекет саясатын жүзеге асыру және өңдеуге белсенді қатысты және билік құрылымдарын қадағалап отырды.

Мемлекеттің ымырашылдығынан жетілдірудің екінші сатысы арқылы әлеуметтің постиндустриалды түріне келтірілген үлгілер қазіргі қоғамда ҮЕҰ-ның үш кезеңімен қатар өмір сүрмейтіндігін атап өтуіміз керек.

XX ғасырдың соңында үкіметтік емес ұйымдардың күрт өсуі, сондай-ақ осы негізгі ойдың болашағы саяси себеп қатарымен байланысып жатады. Ол себептер: ішкі және сыртқы саясатта демократиялық процесстердің күшейтілуі және либералды құндылықтардың жаһандануы; мемлекеттегі ұлт мүдделерінің байсалды трансформациясы, дәлірек айттар болсақ, адам құқығының бүкіл адамзаттық құндылығына мәжбүрлеу, азшылықты қорғау, қоршаған ортаны қорғау және т.б.; осы мәселелерді шешуде үкімет құрылымының жеткіліксіз мүмкіндіктері; технологияның дамуы нәтижесінде коммуникациялық, мобилизациялық және ақпараттық мүмкіндіктерді кеңейту (электронды БАҚ, телекоммуникация, Интернет).

Үкіметтік емес ұйымның саяси жүйедегі рөлі мен орнын айтқанда мынаны ескеруіміз қажет: ҮЕҰ секторы қоғамның барлық күштерін ұсынбайды, сондай-ақ саяси ресурстарды бөлуге қатысатын (материалды заттар, ақпараттық және ұйымдық құндылықтар, олардың қызметі) және сол мақсатта бір желіге топтасқан топтық мүдденің қауымдасқан түрін көрсетеді. Тұрғындардың көпшілігі өздерінің мүдделерін Үшінші сектор арқылы айта



алуға мүмкіндік алады. ҮЕҰ олардың мүдделерін қанағаттандыру үшін ресурстар жинауға көмектеседі.

Мемлекетпен және партиямен қабылданған шешімдер ҮЕҰ-ның ерекше ықыласын тудырады. Бұл ҮЕҰ-ның әлеуметтік өкілдегі рөлі болып табылады. Үкіметтік емес ұйым осы арналарды өзінің міндеттерінде қолдана алады, сонымен қатар оларды саяси шешім аймағына ауыстыруда пайдаланады. Осы тәріздес механизмнің дамуы зерттеушілерге мемлекеттің кезеңдік эволюциясын айтуға мүмкіндік берді. Толығымен демократиялық қауымдастық билік органдары мен саяси партиялардың басқару жүйесінен азаматтардың бірігу артықшылықтарын ұсынады. Аталған термин қоғамдық мүдделерді көздейді және оны орындауды міндетіне алады. Демократиялық қауымдастық механизмі жеке және ұжымдық жауапкершілік жүйесін ұсынады. Ол азаматтық қоғамның толығымен дамуына керек болып табылады. Бірқатар саясаткерлердің ойынша, бұл жол демократиялық даму векторын таңдаған жүйе үшін өміршең болады.

Сонымен бірге, дамыған елдердің қазіргі басқару тәжірибесінде ҮЕҰ секторына тиімді менеджерлерді жұмылдыру әдісі кеңінен таралған. Бұл билік пен азаматтық қоғамның өзара қатынасын жақсартып қана қоймай, кадрлы аппаратты сапалы түрде өсіреді. Бұл – ақталған және дұрыс технология. Бірақ ҮЕҰ секторындағы жұмыс керексіз бюрократиялықтан айырылған және демократиялық принциптерге негізделген тәжірибені береді. Үшінші сектор интеллектуалды, қаржылық және ұйымдастырушылық күшке ие бола отырып, болашақта қоғамның жетекші институтына айналуы мүмкін. Және де мемлекетті басқаруда маңызды қызмет атқарып, ірі жобаларды іске асыруы ықтимал.

Қазіргі қоғамда бірнеше рет тездетілген және қиындатылған процестерді айыруда азаматтардың қажеттілігі мен мүдделері туралы ақпарат тура және тез тасымалды қажет етеді. Кімде-кім бұл сұрақтарда жеткілікті құзіретке ие болса және қызығушылық танытса, соған оңайға түседі. Осылайша ҮЕҰ қоғамдық пікірдің және қажеттіліктің барометрі ретінде көрінеді: олар өздерінің қызметінде қоғамдағы қайшылықтар мен мәселелерді әсерлі көрсете алады.

Үкіметтік емес ұйымдар тек қана азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделерін көрсетіп қана қоймай, әлеуметтік қажеттілік және басқару құрылымы жайында ақпараттардың жеткіліксіздігінен туындайтын мәселелерді шешу механизмін жүзеге асырады. ҮЕҰ көбіне азаматтардың шектеулі тобына байсалдылық танытады. Өзінің қызметіндегі тар секторалды қасиетінің арқасында ҮЕҰ саяси партия, нарықтық құрылым немесе мемлекетке қарағанда оперативті рөл атқарады.

Француз әлеуметтанушысы П. Бурдьё мемлекеттік емес еркін қауымдастықтан тек қана әлеуметтік саяси рөлді емес, сонымен бірге білімділік рөлді де көрді. Жекелеп келгенде, бұл жерде жариялылықтың атмосфера-сы пайда болғанын көреміз. ҮЕҰ “қоғамның маңызды тақырыптарын ашу үшін жұмыс жасауы, құндылықтарды түсіндіру, өмірге пайдалы дәлелдер



әкелу, пайдасызын әшкерелеп, құнсыздандыруы тиіс” /8/. Осындай моральды тұжырымға қарамастан Бурдьеге қарсы келу оңайға түспейді.

Азаматтық қоғам ұйымдары ұжымдық ойлаудың және іс әрекеттің мектебі, көпшілік пікірдің орталығы, ортақ мүдделерді тұжырымдау және нақтылаудың негізі болып табылады. Бұған қоса, Үшінші сектор жұмыспен қамту мәселесін шешуде ерекше рөл ойнайды.

Біздің көзқарас бойынша, азаматтық қауымдастықтар тек қана маңызды қосымшаны ұсынып қана қоймай, сонымен қатар, саяси партиялар, БАҚ, бизнес және тағы басқаларына қайшы. ҮЕҰ міндеті – аталған барлық күштерге қоғамның мүдделерін назарда ұстауды міндеттеу. Демократиялық ереже ойындарын бақылауды және әлеуметтік шындық принциптерін жылжытуды да міндетіне алады. “Қайшылық” бұл мәтінде ешқандай да мақсат-мүдделердің қайшылығын немесе оппозицияны білдірмейді.

ҮЕҰ-ның гетерогендігі және құрылымы зерттеушілер тарапынан Үшінші секторды типологиялауға тырысуда түрлі әдістер мен критерийлерді қолдану ерекше қызығушылықтарын туғызуда. Мемлекеттік билік аппаратымен өзара әрекеті болашақта дискуссия жалғастыруда маңызы зор.

Азаматтық қоғамды классификациялаудың алғашқы әрекеті Үшінші сектор институтталған жоспарда қандай маңызға ие деген сұраққа жауап беруді мақсат етті. Нәтижесінде ғалымдар тарапынан азаматтық қоғам институттарының ұйымдық-құқықтық мәртебесі алғашқы бөлу әрекетінің міндетіне қойылды. Бірақ бұл бағыттағы дискуссия өте ертеден келеді және әлі де ортақ пікірге жеткен емес. Алайда ҮЕҰ дефинициясы қазіргі уақытта “шатырлы” түсінік болып табылады, сонымен бірге өзінің қатарына әр түрлі ұйымдарды қосып алады. Олар:

- *қоғамдық ұйымдар* – мүшелердің бірігуі, ортақ мүдделерді қорғау және жарғының мақсатына жету негізінде құрылған (мысалы, құтқару Әскері, Гринпис);

- *қоғамдық қозғалыстар* – көпшіліктің бірігуі, әлеуметтік-саяси мақсаттарды көздейді (антиядорлық, антиәскери қозғалыстар);

- *қорлар* – міндетті мүшелігі болмайтын бірігулер, материалды және материалды емес амалдардың әлеуметтік маңызы бар мақсаттарда жұмсау (мысалы, қайырымдылық қорлар);

- *өзіндік көмек және қызмет ұйымы* – мүшелік бірігушілік болмайды, тұрғындардың нақты топтарының әлеуметтік мәселелерін бірігіп шешуді көздейді (мысалы, жалғыз басты аналардың қауымдастығы, мүгедектер қауымдастығы);

- *қоғамдық мекемелер* – бірігу, мүшелері болмайды, әлеуметтік қызмет көрсетуді міндетіне алады (мысалы, білім беру, құқық қорғау ұйымдары);

- *қоғамдық бірлестіктердің одақтары, коалициялары, желілері.*

Келтірілген типология бізге тек ары қарайғы зерттеулерде қолдану жеткіліксіздігі болып ұсынылып қоймай, Үшінші секторды танудың бастапқы



жақындауына алып келеді. Сонымен бірге ҮЕҰ-ның құқықтық мәртебесіне қатысты теориялық мәселелері төңірегінде қарама-қарсылықтар көп кездеседі. ҮЕҰ-ның құқықтық мәртебесіне қатысты көп қырлы әлемдік дәрежеде берілген универсальды концептісі қандай да бір нәтиже берген емес /9/.

Үкіметтік емес ұйымды басқаша топтастыру оның өкілдік қызметіне қатысты топшыланады. Үкіметтік емес ұйым институттандырудың негізі болып табылғандықтан және әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғайтындықтан, қоғамда қолданылатын диверсификация критерийлері негізделеді:

- *экономикалық* (экономикалық қызметтің түріне байланысты қауымдастықтар, одақтар, тұтынушылар ұйымы);

- *мәдени* (ғылыми, мәдени, спорттық ұйымдар, өнер қызметкерлерінің одағы);

- *әлеуметтік* (әлеуметтік құқықты қорғау ұйымы, қайырымдылық қоғамдық қоры, өзара көмек топтары);

- *саяси* (құқық қорғау, антикоррупциялық, антиәскери, жастар, гендерлі, экологиялық ұйымдар) /10/.

Алайда берілген классификациядағы ұйымның алғашқы екі түрі қазіргі ғылым, халықаралық бірлестіктер және БҰҰ қабылданған терминологияда үкіметтік емес ұйым саналуы екіталай. Өзіндік мүдде және интеллектуалды еңбек жұмысшыларының кәсіподағы азаматтық емес, мәдени бірігу болып саналады. Осыған мысал ретінде Ресей Федерациясы билігінің 2004 жылдың 7 қыркүйегінен басталатын шешімі жатады. Онда шектеу қойған өсімдіктер қатарына *Lophophora Williamsii* кактусы кіргендігі айтылады. Себебі, бойында наркотикалық әсері болғандықтан, өсімдік сүюшілердің тобын аландатқан. Соның негізінде аталған ұйымның даму және көріну азаматтығы саяси қатерге алып келуі мүмкін. Сол себепті бұл мәселеде жіті қырағы болу – азаматтық қоғамның нық орнауына зор үлес қосатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. *Кулик А.Н.* Политические партии постсоветской России: опора демократии или костыль режимной системы? // *Мировая экономика и международные отношения.* – 1998. – № 12. – С 57.

2. *Рассадина Т.Е.* Проблемы массовых демократических движений в современной западной политологии // *Научный коммунизм.* – 1990. – № 1. – С 53.

3. *Никовская Л.И.* Социальные основания гражданского общества на Западе и в России: состояние и проблемы // *Проблемы становления гражданского общества в России.* – 2003. – № 4. – С 37.

4. *Бляхман Б.Я.* Гражданское общество – основа демократизации государства. – Кемерово, 2000. – С. 151.



5. *Катсификас Дж.* Ниспровержение политики. Европейские автономные социальные движения и деколонизация повседневности. Волгоград, 2002. – С. 107-108.

6. *Патнэм Р.* Процветающая комьюнити, социальный капитал и общественная жизнь // *Мировая экономика и международные отношения.* – 1995. – № 4. – С. 78.

7. *Демидова Л., Шейман И.* Неприбыльный сектор в системе хозяйственных отношений в США // *Вопросы экономики.* – 1994. – № 4. – С. 70.

8. *Бурдые П.* Социология политики. – М., 1993. – С. 150.

9. *Матвеева Т.Д.* Неправительственные в системе защиты конституционных прав и свобод человека. Дис. докт. юр. наук: М., 1998. – С. 52.

10. *Ярулин И.Ф.* Основания гражданского общества. Хабаровск, 1998. – С. 31.

Резюме

Тасыбекова З. Статус, виды и функции неправительственных организаций

В статье раскрывается роль неправительственного сектора в формировании гражданского общества. Автор анализирует основные характеристики НПО в казахстанских условиях и подчеркивает важность развития и поддержки их деятельности со стороны правительства.

Summary

Tasybekova Z. Status, Types and Functions of Non-Governmental Organizations

In this clause the role of non-governmental sector in the forming of a civil society is considered. The author analyzes the main characteristics of NGO in Kazakhstani conditions and stresses the importance of development and support of their activity from government.

